
КІШІ ТОП
БАЛАЛАРЫНА
АРНАЛҒАН
СЕРГІТУ СӘТІ

**№1**

***Қанат қағып ұшамыз.***
***Қарлығаштай қалықтап,***
***Бір отырып, бір тұрып,***
***Жаттығулар жасаймыз.***

**№2**

***Біз кішкентай баламыз,***
***Өсіп - өніп толамыз.***
***Көкке қарап талпынып,***
***Күнге қолды созамыз.***

**№3**

*Орнымыздан тұрамыз*
*Бұрыламыз оңға біз*
*Бұрыламыз солға біз*
*Иілеміз жерге біз 1, 2, 3*

**№4**

*Кәне балалар тұрамыз,*
*Үлкен шеңбер құрамыз,*
*Отырамыз тұрамыз,*
*Орнымызды табамыз.*

№5

*Ал, балалар тұрайық,*
*Алақанды ұрайық*
*Оңға қарай иіліп,*
*Солға қарай иіліп*
*Бір отырып, бір тұрып,*
*Бір тынығып алайық.*

№6

*Секірейік, жүгірейік,*
*Қуанайық, күлейік.*
*Отырайық, дем алайық,*
*Дем алып ап, жүрейік.*

**№7**

*Қақпаға туралап,*
*Ұр допты оң аяқ.*
*Қақпаға туралап,*
*Ұр допты сол аяқ.*
*Оң аяқ, сол аяқ,*
*Жаттығу оңай-ақ.*

**№8**

***Секірейік, жүгірейік,***
***Қуанайық, күлейік.***
***Отырайық, дем алайық,***
***Дем алып ап, жүрейік.***

**№9**

*Біз кішкентай баламыз,*
*Өсіп - өніп толамыз.*
*Көкке қарап талпынып,*
*Күнге қолды созамыз.*

**№10**

*Аспанда бұлт торлайды*
*Жаңбыр жауды себелеп*
*Кішене бұтақ астынан*
*Тығылып алды сұр көжек.*

**№11**

*Жүр, көжегім, топ-топ бас,*
*Сұр көжегім, баптап бас.*
*Міне, былай тап-тап бас*
*Міне, былай нақ-нақ бас.*

**№12**

*Орнымыздан тұрайық,*
*Қолды белге қояйық*
*Бір отырып, бір тұрып,*
*Біз демалып алайық.*

**№13**

*Доп безек қағады,*
*Секіріп еденге,*
*Біресе жоғары,*
*Біресе төменге.*
*Секіріп солай-ақ*
*Жаттығу оңай-ақ.*

**№14**

***Буратина керілді,***
***Бір иілді, екі иілді.***
***Бірақ кілтті таппады,***
***Табу үшін ол кілтті***
***Көтерілу міндетті.***

**№15**

*Ұшқыш болып ұшайық,*
*Көзімізді жұмайық.*
*Елордаға таяп кеп,*
*Ұшақпенен қонайық.*

**№16**

*Кәне,кәне тұрайық*
*Үлкен шеңбер құрайық.*
*Тұрсақ енді шеңберге*
*Алақанды ұрайық*

**№17**

*Тербеледі агаштар,*
*Алдымнан жел еседі.*
*Кіп-кішкентай бөбектер*
*Үлкен болып өседі.*

**№18**

*Бала, бала, балапан*
*Қане, қайсы, алақан.*
*Саусақтарың әйбат,*
*Былай-былай ойнат.*





**№19**

*Аққу болып ұшамыз*
*Көлге келіп қонамыз*
*Көлдің бетін құшамыз*
*Қайта самғап ұшамыз.*







**№20**

*Жолдарыңа үңіліп,*
*Екі бақа жүгіріп,*
*Секіреді, бақ-бақ,*
*Ағаштарды аттап.*





